



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 20 шілде

**Қазақстан Ұлттық Банкі «Кредит тарихын қалыптастыру және оларды пайдалану жүйесіне қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестік туралы актіні беру (кредит тарихы субъектісін қоспағанда)» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуді тоқтату туралы хабарлайды**

2018 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 168-VI Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданды, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді (2018 жылғы 5 шілдеде «Казахстанская правда» газетінде № 125 (28754) және «Егемен Қазақстан» газетінде № 125 (29356) жарияланған).

Заңға сәйкес «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізілді, оларға сәйкес ақпарат берушінің уәкілетті органның кредиттік тарихты қалыптастыру жүйесі қатысушыларының қызметін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжатты алу қажеттілігі алып тасталды.

Заң қолданысқа енгізілген сәттен бастап (16.07.2018ж.) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Кредит тарихын қалыптастыру және оларды пайдалану жүйесіне қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестік туралы актіні беру (кредит тарихы субъектісін қоспағанда)» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуі тоқтатылады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)